

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 70 - қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 510 - қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі  
орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін  
«Бейімделген дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
ұлгілік оқу бағдарламасы**

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Бейімделген дене шынықтыру» пәнінің мақсаты ағзаның барлық жүйелерін дамыту, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстыры бар білім алушылардың дене қасиеттерін және онымен байланысты қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

#### 3. Міндеттері:

1) әлемдік және отандық спорттағы жетістіктерді мақтан тұту түрінде жалпы мәдениеттік және қазақстандық азаматтық сәйкестік негіздерін қалыптастыру;

2) қимыл-қозғалыс мәдениетін тәрбиелеу, жалпы дамытушы және сауықтырушы бағыттағы дене жаттығуларының қимыл тәжірибесін негізгі спорт түрлерінің техникалық әрекеттерімен және тәсілдерімен молайту, спорттық-спецификалық икемдер мен дағдыларды дамыту;

3) салауатты және қауіпсіз өмір салты ережелерін менгерту, білім алушылардың өз деңсаулығына ұқыпты қарауды тұрақты түрде қажетсінуі мен талаптануын қалыптастыру;

4) серіктесімен өзара әрекеттесуін, оған бағдарлануын, бірлесіп және жұмыла жұмыс істеуін дамыту, өзінің және серіктесінің іс-әрекетін дұрыс бағалап, ортақ нәтижеге қол жеткізу мүддесі үшін қажетті түзетулер енгізе алуды үйрету;

5) командалық спорт түрлерінде – ортақ мақсатты және оған жету жолдарын жоспарлау, бірлескен жұмыстағы қызмет пен рөлдерді бөлу, қайшылықтарды сындарлы шешу, өзара бақылауды жүзеге асыру біліктерін қалыптастыру;

6) өзінің тұлғалық және дene мүмкіндіктерін іске қоса білу негізінде ерікжігер қасиеттерін тәрбиелеу, мақсатқа жету ынтасын және қыындықтарды жеңіп шығуға дайындығын дамыту.

#### 4. Бағдарлама түзету міндеттерін шешуге бағытталған:

1) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың барлық сенсорлық жүйелерін түзету (көз мөлшерін, кеңістікті және уақытты бағдалауын, сипап сезу және бұлшық ет, кинестетикалық түйсігін дамыту);

2) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың танымдық процестерінің жетіспеушіліктерін дene тәрбиесі шаралары арқылы жену, олардың психо-эмоционалдық күйін үйлестіру;

3) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың коммуникативті дағдылары мен коммуникативті қасиеттерін жетілдіру;

4) сөздік қорын байыту, сөйлеу тілінің грамматикалық жағын жетілдіру;

5) сөйлеу тілінің техникалық жағын және дұрыс тыныс алуын жетілдіру;

6) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды өзін-өзі адекватты бағалау мен өзін-өзі реттеу тетіктерін дамыту арқылы мақсатты әлеуметтендіру;

7) дene шынықтыру-сауықтыру іс-әрекетіндегі біліктер мен дағдыларға үйретуде сау сақталған талдағыштарды дамыту және пайдалану.

#### 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

##### 5. Дене шынықтыру пәні тәмендегілерге бағытталған:

1) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары білім алушылардың қозғалыс сферасын дамыту;

2) олардың зиятының және сенсорлық мүмкіндіктерін жетілдіру;

3) ауызша сөйлеу тілін түзету;

4) әлеуметтік оңалту.

6. Бейімделген дene шынықтыруға оқыту құндылыққа бағытталған, іс әрекеттік, тұлғаға бағытталған, сараланған, коммуникативтік, түзету, полисенсорлық тәсілдерге негізделіп жүзеге асырылады:

1) құндылыққа бағытталған тәсіл, ол мақсатты түрде білім алушы тұлғасының әлеуметтік-маңызды құндылықтар жүйесін қалыптастырады, оларды іске асыру құнделікті өмір талаптарына бағынуды қамтиды;

2) тұлғаға бағытталған тәсіл, оның мақсаты әрбір нақты жағдайдағы сөйлеу тілі патологиясының түрі мен формасын ескере отырып оқу процесін дараландыру, білім алушының тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның психикалық және дene дамуының жеке дара

ерекшеліктерін, мінез-құлқының қажеттіліктері мен ынтасын, әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушының шығармашылық күш-жігерінің толық ашылуына жағдай жасау болып табылады;

3) сараланған тәсіл, ол оқу процесін арнайыландыруды және медициналық тексеру мәліметтерін, дәрігерлердің, психологиялық-медциналық-педагогикалық консультация нұсқауларын, Бағдарламаға енгізілген бақылау нормативтерін тапсыруға даярлығын алдын-ала тексеру нәтижелерін ескере отырып, білім алушылардың әртүрлі топтары үшін алуан түрлі жағдай жасауды мензейді;

4) іс-әрекеттік тәсіл, оның мәні сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың білімді дайын күйінде алуында емес, өзінің табуында, өз оқу іс-әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынуында, оның нормаларын түсініп, қабылдауында, бұл оның білімінің, оқу біліктірі мен дағдыларының және кең спектрлі дағдыларының белсенді әрі сәтті қалыптасуына септігін тигізеді;

5) коммуникативтік тәсіл, оның нәтижесі қарым-қатынас жағдаятына сай коммуникативті мінез-құлықты таңдай отырып және тілдік нормалар жүйесін дұрыс пайдалана отырып, өзара әрекеттесу процесінің барысында тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыра алу қабілеті болып табылады;

6) түзету тәсілі оқытудың арнайы технологияларымен және құралдарымен қамтамасыз етіледі, солардың мазмұнында, әдістерінде, әртүрлі ұйымдастырылу түрлерінде көрсетілген, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу ақпаратын ерекше құрылымдау арқылы мұндай балалардың сөйлеу тілін және таным процестерін, моторикасын түзетуге бағытталған;

7) полисенсорлық тәсіл оқу процесі сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың ақпарат алуы үшін сақталған талдағыштарын кеңінен пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, жүзеге асырылуын қамтиды. Полисенсорлық тұғыр қабылдау процесінің молаюына, оның көру, есту, моторлық (кинестетикалық), тактильді, иіс сезу, дәм сезу және вестибулярлық сияқты сақталған талдағыштар негізінде өткізілуіне жағдай жасайды.

7. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың дене тәрбиесі арнайы білім беру үйіміның түзету-дамыту жұмысының аса маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

8. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу тілі мен психомоторлық дамуының бұзылыстарын түзету сабағын жүргізудің дәстүрлі әдістемесіне өзгерістер енгізу, тәменде келтірілген ұстанымдарды пайдалана отырып, дене тәрбиесінің арнайы тәсілдері мен жалпыға мәлім әдістерін үйлесімді біріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) мұқият іріктелген тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту, соның ішінде пәннің оқу материалында сөйлеу дағдыларын дамыту, психикалық процестерді (сөйлеу, зейін, түйсік, ес, ойлау) түзету;

2) барлық сабак барысында сөйлеу тәртібін сақтау: дыбыс айталуын бақылау, әр білім алушының ауызша сөйлеу тіліндегі аграмматизмдерді жою, тұтығатындардың сөйлеу тілін қалпына келтіріп отыру;

3) оқытуды «үйрету үшін бағалау» арқылы демеу;

4) сабакта тілдесу жағдайын, коммуникативті жағдаят үлгісін жасау үшін білім алушылардың жеке, жұптық, топтық әрекетін ұйымдастыру;

5) сабактағы іс-әрекет түрлерін жиі ауыстырып тұру сабактың әр алуан түрлерін пайдалану;

6) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу әрекетін қолдау: пәндік лексикасын, пәннің үлгілік сөз саптамын және сөз орамдарының жиынтығын, тіл конструкцияларын автоматтандыру, ой-пікірін, жауабын құрастырып, ауқымды жеткізуіне көмектесетін ескертпелерді, нобайларды, жоспарларды, кестелерді, алгоритмдерді кеңінен пайдалану.

9. Дене шынықтыру сабактарының мазмұнына міндетті түрде жұптық және топтық жұмыс кезінде пәндік сөздікті кеңейту мен нақтылауға, және коммуникативті дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар енгізіледі.

10. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың білімі, білігі мен дағдыларының беріктігі бай және жан-жақты сенсорлық тәжірибеге, материалдың біртіндеп күрделенуіне, талдануына, квантталуына, ұтымды мөлшерленуіне, көп мәрте ауысып отыратын жағдайларда білімін қолдануға арналған жаттығулардың жеткілікті көлемде берілуіне, шартты символдық көрнекіліктердің (тіректер, сызбалар және қалыптар) пайдаланылуына және оку материалын берудегі көрнекі құралдардың басым болуына негізделетін өткен материалды бекіту жүйесімен қамтамасыз етіледі.

11. Сабактардың түзете-дамыту бағыттылығына әр алуан гимнастика түрлері өз үлесін қосады: тыныстық гимнастика, саусақтық гимнастика, сөйлеу аппаратының қызметін жақсартатын артикуляциялық гимнастика, эмоционалдық саулықты сақтау мен қалпына келтіру және психикалық бұзылыстардың алдын алу мақсатымен өткізілетін.

12. Логоритмика элементтері ырғақ сезімін, сөз-қозғалыс және есту талдағыштарын дамытуға, тынысты реттеуге, дұрыс дыбыстауды бекітуге септігін тигізеді. Фронтальды әдісті пайдалана отырып музыкалық-ынталандырылған тапсырмаларды орындау сабактың моторлық тығыздығын жоғарылатуға мүмкіндік береді, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды қимыл белсенділігімен барынша түгел қамтуды, сондай-ақ музыканың көмегімен орындалатын жұмыстың субъективті және объективті түрде женілдеуін қамтамасыз етеді.

13. Дене шынықтыру сабактарының тиімділігін қозғалыс белсенділігінің дәстүрлі емес түрлері, мысалы кинезиологиялық бағдарламалар (ми сыңарлары арасындағы байланыстарды дамытуға, ми сыңарлары жұмысын синхрондауға, ұсақ моториканы дамытуға бағыттаған), А.Стрельникова бойынша тыныс гимнастикасы немесе «пилатес» жүйесінің элементтері.

14. Созылумен бірге дұрыс тыныс алу және белсенді күш

жаттығуларымен бірге бұлшық еттерді босаңсыту ағзаның қызметтік жүйелерін қалпына келтіреді, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың қимыл-қозғалыс білгірлігін арттырады. Босаңсуға бағытталған жаттығулар бұлшық ет және эмоциялық кернелуді басуға мүмкіндік береді, ал бұл тұтығуы бар білім алушылардың қалыпты сөйлеу тілін тәрбиелеудің басты шарты болып табылады.

15. Пәннің спецификасы, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың өмірі мен денсаулығына деген жоғары жауапкершілік арнайы білім беру үйымындағы дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби және адамгершілік қасиеттеріне ерекше талаптар қояды, олардың ішінде ең маңыздысы болып табылады:

1) дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздерін, педагогиканың заманауи ғылыми-әдістемелік жетістіктерін, медициналық білім, медициналық бақылау, дефектология негіздерін білу;

2) техникалық-тактикалық спорттық дағдыларды игеру;

3) педагогикалық оптимизм, үйымдастырушылық біліктер мен дағдылар, байқампаздық, аттенциялық қабілеттер (зейінін бір мезгілде бірнеше әрекетке бөле білу қабілеті);

4) білім алушылардың жеке дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, олардың болашақ дайындығын жоспарлау;

5) өзі үлгі көрсетіп, білім алушылардың үнемі спортпен шұғылдануға деген құлшынысын тәрбиелей білу;

6) ата-аналарға кәсіби тұрғыда кеңес беру.

16. Арнайы білім беру үйымындағы дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті, сонымен қатар мектептегі басқа да мамандармен – логопедпен, психологпен, медициналық қызметкерлермен өзара бірлесіп жүйелі түрдегі нәтижелі іс-әрекет жасауға даярлығын, тұтығуы, ринолалиясы, алалиялық немесе дизартриялық компоненті, аутизмі бар білім алушыларға сабакта жеке түзету көмегін көрсетуге мүмкіндік беретін арнайы әдістемелерді менгеруін қамтиды.

17. Мұғалімнің сөйлеу тілі ақпаратты, дұрыс, нақты, логикалық және түсінікті, таза, мәнерлі, бай және бейнелі болады. Сөйлеу тілінің техникалық сипаттамаларына анық дикция, орнықты сөйлеу ырғағы мен қарқыны, сәйкес дауыс қаттылығы жатады.

18. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың дербес өмір сүру дағдыларын дамыту және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатымен, арнайы өлшеуіш құралдармен және олардың көмегінсіз дене жағдайын өздігімен диагностикалау біліктеріне, өзіне-өзі массаж жасау дағдыларына үйретуге, алғашқы қарапайым медициналық көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру мен автоматтандыруға ерекше назар аударылады.

19. Білім алушылардың «Бейімделген дене шынықтыру» сабактарында топтарға бөлінуі медициналық тексеру нәтижесі негізінде, міндетті түрде

анықтама берілген жағдайда жүргізіледі.

20. Дене шынықтыру сабактарын жүргізу барысында және дидактикалық материалдарды сақтауда қолданады: тақта, үстел, жұмсақ орындық, шкаф, медициналық аптечка, спорт жабдықтарын қоятын стеллаж, доптарды салатын стеллаж, көтеріп жүретін доп салатын себет, доптарды үрлегіш.

21. Оқыту барысында белсенді турде техникалық мультимедиялық дидактикалық құралдар пайдаланылады: компьютер жиынтығымен: жүйелік блок, монитор, микрофонды-телефонды гарнитур, акустикалық жүйе, веб-камера, желілік сүзгі, көп атқарымдық құрылғы, дене шынықтыру дайындығы бойынша мультимедиалық оқыту нұсқаулықтары.

22. Сабакта және спорттық-көпшілік шаралар өткізу кезінде сөйлеу тілінің құрделі бұзылыстары бар білім алушылардың спорттық нәтижелері мен жетістіктерін өлшеу үшін арнайы аспаптар мен құралдар қолданылады: секунд санағыш, пластикалық жай табло, электрондық табло, 10 метрлік ұзындық өлшеуіш, 50 метрлік ұзындық өлшеуіш, қол динамометрі, ойын ысқырығы, электромегафон, механикалық шахмат сафаты, төреши мұнарасы.

23. Спорт залы мен секциялардың жабдықталуына кіреді: биік бөрене, едендік бөрене, түрлі биіктікті қоссырықтар жиынтығы (қыздарға арналған), параллель қоссырық (ұлдарға арналған), өрмелейтін арқан, өрмелегуге арналған сырық, гимнастикалық ешкі, гимнастикалық ат, гигиеналық жабындылы гимнастикалық төсөніштер, серіппелі гимнастикалық көпір, гимнастикалық тік көпір, төсөніштерді сақтау және тасымалдауға арналған арба, металл шығыршық, гимнастикалық таяқша, тартатын арқан, әмбебап гимнастикалық керме, гимнастикалық орындық, гимнастикалық қабырға.

24. Шаңғы жарысын және конькимен жүгіру дайындығын өткізу үшін қолданылады: шаңғы бекітпесі, ағаш-пластик шаңғылар, шаңғы бәтеңкелері, шаңғы таяқтарының жиынтығы, конъки.

25. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін: сөре станогы немесе тіреуіш, лақтыруға арналған доп, лақтыруға арналған нысана, лақтыруға арналған граната 500 грамм, лақтыруға арналған граната 700 грамм, биіктікке секіруге арналған тұғыр теңдегіш, биіктікке секіруге арналған баған, тұғыр теңдегіштің биіктігін өлшегіш, эстафеталық таяқша қарастырылады.

### 3 - тарау. «Бейімделген дене шынықтыру» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

26. «Бейімделген дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5 сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 6 сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 7 сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 4) 8 сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 5) 9 сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

- 6) 10 сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.
27. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:
- 1) 1-бөлім «Қозғалыс әрекеті»;
  - 2) 2-бөлім «Шығармашылық қабілеттері және сынни түрғыдан ойлау қозғалыс дағдылары арқылы»;
  - 3) 3-бөлім «Денсаулық және салауатты өмір салты».
28. «Қозғалыс әрекеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
- 1) әртүрлі спорттық-спецификалық қымыл әрекеттерін орындау кезінде дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту;
  - 2) әртүрлі дене жаттығуларында қымыл комбинациялары мен олардың ретін құру және қолдану;
  - 3) спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезіндегі қымыл дағдылары мен ретін қыстыру;
  - 4) қымыл әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктерін бағалау;
  - 5) бірқатар дене жаттығуларында тактикаларды, стратегияларды және құрылымдық идеяларды қолдану және бағалау;
  - 6) қымыл белсенділігімен байланысты қындықтарды жену және қауіпке төтеп беру дағдыларын дамыту.
29. «Шығармашылық қабілеттері және сынни түрғыдан ойлау қозғалыс дағдылары арқылы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
- 1) өзгергіш жағдайларға жауап беру үшін қымыл-қозғалыспен байланысты алған білімін бейімдеу;
  - 2) көшбасшылық және команда жұмыс істеу дағдыларын дамыту және қолдану;
  - 3) қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын көрсету;
  - 4) дене жаттығулары шенберінде іс-әрекетті оңтайландыру және баламаларды құрастыру үшін ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау;
  - 5) өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін сынни түрғыдан бағалау және баламалы шешімдер ұсыну;
  - 6) жарыс қызметінің ережелері мен төрешілік ережелерін білу;
  - 7) жарыс кезінде шыншыл ойынды, отансүйгіштікті, ынтымақтастықты паш ететін мінез-құлық таныту;
  - 8) қымыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты рөлдерді орындау және олардың айырмашылықтарын түсіну.
30. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
- 1) өз денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімін қалыптастыру;
  - 2) қызмет түріне сай ширату мен қалпына келтіру техникаларын құрастыру және өткізу;
  - 3) әртүрлі дене жүктемесін беретін жаттығуларды зерделеу және тәжірибе

жүзінде сынау, олардың ағзаның энергетикалық жүйесімен байланысы мен әсері;

4) денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дene жүктемелері кезіндегі қauіpterді басқару стратегияларын құрастыру және қолдану;

5) дene жаттығулары бойынша басқа адамдардың тәжірибесін байытуға бағытталған білім мен дағдыларды қолдану.

31. 5-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын үйрету. Қauіpsіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрету. Орташа және ұзын қашықтыққа жүгіру техникасын үйрету. Орнынан және екпінмен ұзындыққа секіру техникасын үйрету. Әртүрлі заттар мен құралдарды нысанага және алысқа тастау мен лақтырудың техникасы. Эстафетадағы командалық жұмыс;

2) модификацияланған командалық ойындар. Ойындардағы техникалық амалдарды үйрету. Негізгі тактикалық тәсілдерді үйрету. Ойында көшбасшылық дағдыларды тәрбиелеу;

3) ағзаны гимнастика арқылы нығайту. Қauіpsіздік техникасы. Жалпы дамытушы жаттығулар кешендерін құрастыру негіздері. Акробатикалық жаттығуларды орындау. Гимнастикалық жабдықтарда орындалатын жаттығулардың техникасын үйрету. Гимнастикалық композициялар құрастыру негіздері;

4) қазактың ұлттық және зияткерлік ойындары. Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрету;

5) шаңғы/кросс/коңки дайындығы. Қauіpsіздік техникасы. Сәйкес іс-әрекет түрі үшін ширату мен қалпына келу техникасына шолу жасау. Қозғалу техникасы элементтеріне үйрету. Ара қашықтықты өту тактикасының негіздері;

6) өзара әрекеттесуге арналған қызықты ойындар. Ойын кезіндегі өзара әрекеттесу және көшбасшылық. Мәселелерді ойын арқылы шешудің негізгі дағдыларына үйрету. Қызықты ойындарды құрастыруға қажетті шығармашылық қабілеттер. Қызықты ойындарды құрастыру;

7) шабуыл-ойындардағы дағдыларға үйрету. Қauіpsіздік техникасы. Ойын жағдайларында допты игеру. Ойын кеңістігінде бағдарлану дағдыларына үйрету. Ойындағы жеке, командалық әрекеттер. Стратегия дағдыларын дамытуға бағытталған ойындар құрастыру;

8) жеңіл атлетикалық дағдыларға шолу және оларды дамыту. Жеңіл атлетикалық дағдыларды ойындар арқылы дамыту. Ширату мен қалпына келу шаралары. Қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту.

32. 6-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту. Қauіpsіздік техникасы. Ағзаның әртүрлі дene жүктемесіне реакциясы. Жүгіру мен секірудегі реттілік. Әртүрлі құралдарды тастау және лақтыру. Эстафетадағы командалық жұмыс;

2) командалық спорттық ойындар. Ойын техникасы дағдыларын дамыту. Спорт ойындарындағы тактикалық әрекеттердің пайдаланылуы. Командада жұмыс істеуде көшбасшылық дағдыларды дамыту;

3) ағзаны гимнастика арқылы нығайту. Қауіпсіздік техникасы. Саптық жаттығулардың элементтері. Акробатикалық жаттығулар мен композицияларды орындау. Құрал-жабдықтарда жаттығу орындау кезінде өзін-өзі бақылау. Топтық композициялар;

4) қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары. Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрету;

5) шаңғы/кросс/коңки дайындығы. Қауіпсіздік техникасы. Спецификалық қозғалыс қабілеттерін дамыту. Күш пен шыдамдылықты дамытуға арналған жаттығулар. Ара қашықтықты өтүге арналған шығармашылық тапсырмалар;

6) шытырман ойындар. Серіктестік дағдыларын дамыту. Мәселелерді ойын арқылы шешу. Шытырман ойындар арқылы сыни ойлауды дамыту. «Адал ойын» және серіктестік;

7) ойын арқылы дағдыларды жақсарту. Қауіпсіздік техникасы. Допты игеру техникасының негізгі элементтерін дамыту. Ойын кеңістігін бағдарлау дағдылары. Тактикалық әрекет негіздері. Өз ойындарына шолу жасау және көрсету;

8) жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын жақсарту. Ағзаның бейімделу қабілеттерін дамыту. Динамикалық ширату элементтері. Қимыл-қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту.

33. 7-сыныпқа арналған «Бейімделген дене шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту және жақсарту. Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Орташа және ұзын қашықтыққа жүгіру. Секіру және оның түрлері. Әртүрлі заттар мен құралдарды тастау мен лақтыру. Эстафеталық жүгірудің модификациялары;

2) командалық спорттық ойындар арқылы өзара әрекеттесу. Ойын техникасын жақсарту. Спорттық ойындардағы тактика және тактикалық әрекеттер. Көшбасшылық дағдылар және командадағы жұмыс дағдылары;

3) гимнастика арқылы когнитивті дағдылары және денесін басқару дағдылары. Қауіпсіздік техникасы. Саптық жаттығуларды үйрену. Акробатикалық элементтер кешендері. Гимнастикалық құрал-жабдықтарда орындалатын жаттығулардың түрлері. Көріністі құрастыру процесі және топта бағалау;

4) ұлттық және зияткерлік ойындар. Қазақтың ұлттық ойындары. Зияткерлік ойындар;

5) шаңғы (кросс) коңки дайындығы. Қауіпсіздік техникасы. Сәйкес әрекеттерге арналған ширату және қалпына келтіру техникалары. Күш пен шыдамдылықты жақсартуға арналған қимыл әрекеттері. Кедергілерден өтүге арналған арнайы-спецификалық жаттығулар;

6) шытырман және команда-түзуші ойындар. Ойындағы командалық іс-әрекет және көшбасшылық. Ойын арқылы мәселені шешу дағдыларын жетілдіру. Балама ойын жағдаяттарын құрастыру. Топтарда шытырман-ойын құрастыру;

7) шабуыл-ойындардағы дағдыларды дамыту. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдаяттарында допты игеруді орындау техникасы. Кеңістікті бағдарлау және допты беру дағдыларын дамыту. Тактикалық әрекеттер: жеке, топтық, командалық. Өзінің шабуыл-ойындарын құрыстыру және өткізу;

8) женіл атлетика арқылы белсенді өмір салты. Сауықтыратын жүгіріс. Белгілерге лезде жауап беруді талап ететін ойындар. Ширату және қалпына келу шаралары. Спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезінде қымылдарды жетілдіру. Қымыл-қозғалыс белсенділігі арқылы денсаулықты нығайту.

34. 8-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және фитнес женіл атлетикалық әрекет арқылы. Қауіпсіздік техникасы. Төменгі сөре және сөре екпіні. Орта қашықтыққа жүгіру дағдыларын дамыту. Секіргіштікті дамытуға бағытталған іс-әрекет. Лақтыру және тастау кезінде бұлшық ет күші мен төзімділігін дамыту;

2) ойын арқылы мәселені шешу дағдылары. Ойын жағдаяттарында амалдарды іске асыру. Ойын функциясы. Жарысу ойын әрекетін үйлемдастыру;

3) гимнастика элементтері және оның түрлері. Қауіпсіздік техникасы. Орнында және қозғалыста орындалатын саптық амалдар. Акробатикалық жаттығуларды біріктіру: секіру және теңгеру. Гимнастикалық құралжабдықтардағы комбинациялар. Ырғақты гимнастика еркін жаттығуларының кешені;

4) қазақтың халық дәстүрлеріне сүйенетін ойындар. Қозғалмалы ойындар. Қазақтың халық ойындары;

5) шаңғы/кросс/коңыки дайындығы. Қауіпсіздік техникасы. Дене қасиеттерін дамытуға бағытталған ширату және қалпына келтіру техникалары. Арнайы жаттығулар техникасы дағдыларын бекіту. Әртүрлі кедергілерден өте отырып жүгіру;

6) командалық ойындар белсенді іс-әрекет түрі ретінде. Командалық ойындардағы көшбасшылық дағдылар. Қымыл үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар. Логикалық ойлауды дамытатын ойындар. Зеректікті, зейінділікті және тапқырлықты дамытатын ойындар;

7) командалық ойындардағы негізгі дағдылар. Қауіпсіздік техникасы. Ойын техникасы. Ойын тактикасы. Ойындағы шығармашылық белсенділік

8) женіл атлетика дағдылары арқылы денсаулықты нығайту. Ойлы-қырлы жермен жүгіру. Шыдамдылықты дамытуға бағытталған әрекет. Секіру кезеңдерін қолдану. Лақтыру мен тастау түріндегі фитнес компоненттері.

35. 9-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жүгіру, секіру және лақтыру техникаларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы. Спринтерлік жүгіруді жетілдіру. Жүгірудегі шыдамдылық дағдыларын жақсарту. Секірудің әртүрлі модификациялары. Лақтыру мен тастау дағдыларын жетілдіруге арналған жаттығулар кешендерін құрастыру;

2) командалық спорттық ойындардар арқылы өзара әрекеттесу. Ойын техникасы. Спорттық ойындардағы тактика және тактикалық әрекеттер;

3) гимнастика арқылы денесін басқару дағдылары. Қауіпсіздік техникасы. Топтағы саптық жаттығулар. Акробатикалық элементтер комбинациясын құрастыру. Гимнастикалық қурал-жабдықтарда орындалатын жаттығулар ретін құру;

4) Қазақстан халықтарының ойындары. Халықаралық ойындар. Зияткерлік ойындар;

5) шаңғы/кросс/коңыки дайындығы. Қауіпсіздік техникасы. Ширату және қалпына келу техникасы кешендерін құрастыру. Күш пен төзімділікті жақсартуға арналған жаттығулар кешені. Кедергілерден өтуге арналған арнайы-спецификалық жаттығуларды жетілдіру;

6) команда-тұзуші ойындар. Ойындағы командалық іс-әрекет және көшбасшылық. Спорттық ойындарда мәселені шешу дағдыларын жетілдіру. Ойын комбинацияларын құрастыру;

7) командалық іс-әрекеттегі әлеуметтік дағдылар және міндеттердің шешілуі. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдаяттарында допты игеру техникасы. Ойын кеңістігін бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Жеке, топтық, командалық тактикалық әрекеттер;

8) денсаулық және фитнес қозғалыс белсенділігі арқылы. Бұлшық еттердің әртүрлі топтары үшін ширату және қалпына келу кешенін жасау. Стайерлік жүгіру дағдыларын дамыту. Секіру және лақтыру дағдыларын дамыту. Қозғалыс қабілеттері арқылы денсаулықты нығайту.

36. 10-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жүгіру, секіру және лақтыру техникаларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы. Жүгірудегі шыдамдылық дағдыларын жақсарту. Секірудің әртүрлі модификациялары. Лақтыру мен тастау дағдыларын жетілдіру. Жүгіру эстафетасын құрастыру және өткізу;

2) командалық спорттық ойындардар арқылы өзара әрекеттесу. Спорттық ойындардағы тактика және тактикалық әрекеттер. Жарысатын ойын әрекетін ұйымдастыру. Көшбасшылық дағдылар және команда жұмыс істеу дағдылары;

3) гимнастика арқылы денесін басқару дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздік техникасы. Топтағы саптық жаттығулар. Акробатикалық элементтер комбинациялары. Қоріністі құрастыру процесі және топта бағалау;

4) Қазақстан халықтарының ойындары. Халықаралық ойындар. Зияткерлік ойындар;

5) шаңғы/кросс/коңыки дайындығы. Қауіпсіздік техникасы. Ширату және

қалпына келу техникасы кешендері. Күш пен төзімділікті жақсартуға арналған жаттығулар. Кедергілерден өтүге арналған арнайы-спецификалық жаттығуларды жетілдіру;

6) команда-тұзуші ойындар. Ойындағы командалық іс-әрекет және көшбасшылық. Спорттық ойындарда мәселені шешу дағдыларын жетілдіру. Баламалы ойын құрастыру;

7) командалық іс-әрекеттегі әлеуметтік дағдылар және міндеттердің шешілуі. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдаяттарында допты игеру техникасы. Ойын кеңістігін бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Жеке, топтық, командалық тактикалық әрекеттер. Топта қызықты ойындар құрастыру;

8) денсаулық және фитнес қозғалыс белсенділігі арқылы. Бұлшық еттердің әртүрлі топтарына арналған ширату және қалпына келу кешені. Жүгіру дағдыларын жетілдіру. Секіру және лақтыру дағдыларын жетілдіру. Қозғалыс қабілеттері арқылы денсаулықты нығайту.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

37. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен қорсетілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші мен үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту және түзету мақсатының реттік номірін қорсетеді. Мысалы, 6.2.1.3 кодындағы «6» – сынып, «2.1» – бөлімше, «3» – оқу мақсатының реттік номірі.

38. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Әртүрлі спорты қ- специфи калық мыл әрекетте рін орындау кезінде дәлдікті, бақылау ды және	5.1.1.1 шамалы диапазон дағы спорты қ- специфи калық қимыл әрекетте рде дәлдікті, бақылау ды және	6.1.1.1 шамалы диапазон дағы спортық специфи калық қимыл әрекеттер де дәлдікті, бақылауд ы және	7.1.1.1 кең диапазон дағы спортық специфи калық қимыл әрекетте де дәлдікті, бақылауд ы және	8.1.1.1 кең диапазон дағы спортық специфик алық қимыл әрекеттер де дәлдікті, бақылауд ы және	9.1.1.1 кең диапазон дағы спортық специфик алық қимыл әрекеттер де дәлдікті, бақылауд ы және	10.1.1.1 ұлken диапазон дағы спортық специфик алық қимыл әрекеттер де дәлдікті, бақылауд ы және

ептілікті дамыту	ептілікті дамыту үшін қымыл дағдылар ын білу және түсіну; 5.1.1.2 белсенді сөздік қорында базалық пәндік терминд ерді бекіту	ептілікті дамыту үшін қымыл дағдылар ын жолдану; 6.1.1.2 оларды орындау сапасын бақылау үшін көру талдағы шын пайдалан у	ептілікті дамыту үшін қымыл дағдылар ын жетілдір у; 7.1.1.2 оларды орындау сапасын бақылау үшін кинестет икалық және көру талдағы штарын пайдалан у	ептілікті дамыту үшін қымыл дағдылар ын көрсете алу; 8.1.1.2 өткізілген жұмысты ң орындалу ына есеп беру және өзіне-өзі шын баға беру	ептілікті дамыту үшін қымыл дағдылар ын салғасты ру; 9.1.1.2 орындау кезінде өзара көмек көрсету	ептілікті дамыту үшін қымыл дағдылар ын тиімділігі н бағалау; 10.1.1.2 өткізілген жұмысты ң сапасы туралы айтатын бағалау пікірін құрастыр у
1.2 Әртүрлі дене жаттығу ларында қымыл комбина циялары мен олардың ретін құру және қолдану	5.1.2.1 кейбір дене жаттығу ларында қымыл комбина циялары мен олардың ретін білу және орындар алу; 5.1.2.2 орындау техникас ын нақтыла у және	6.1.2.1 кейбір дене жаттығул арында қымыл комбина циялары мен олардың ретін құрастыр а алу және орындар алу; 6.1.2.2 орындау техникас ын нақтыла у және	7.1.2.1 әртүрлі дене жаттығул арыноры ндауда қымыл комбина циялары мен олардың ретін құрастыр а жетілдір у және жинақтау және орындар алу; 7.1.2.2 орындау алдын ала, кезекті және	8.1.2.1 кең диапазон дағы жаттығул арда қымыл комбинац ияларыме н олардың ретін түсіндіру және жинақтау көрсету; 8.1.2.2 өзін-өзі бақылауд ың барлық турін	9.1.2.1 кең диапазон дағы жаттығул арда жеткілікт и техникал ық денгейде қимыл комбинац ияларыме н олардың ретін түсіндіру және жинақтау көрсету;	10.1.2.1 кең диапазон дағы жаттығул арда жеткілікт и техникал ық денгейде қимыл комбинац ияларыме н олардың ретін түсіндіру және жинақтау көрсету;

	түзету үшін тікелей сұрақтар кою	үшін тікелей, жанама және балама сұрақтар кою	қорытын ды өзін- өзі бақылауд ы орындау	орындау	сынорын дауынаөзі не-өзі баға беру	
1.3 Спортты қ- специфи калық техникал арды орындау кезіндегі қимыл дағдыла рымен ретін қыстыры	5.1.3.1 қарапай ым спорты қ- специфи калық техникал арды орындау кезіндегі қимыл дағдыла рымен ретін қыстыры	6.1.3.1 спортық - специфи калық техникал арды орындау кезіндегі қимылда ғдылары мен ретін таңдай алу; 6.1.3.2 ауызша нұсқау бойынша әрекет жасай алу	7.1.3.1 спортық - специфи калық техникал арды орындау кезіндегі қимыл дағдылар ымен ретін жетілдір у және жинақтау ; 7.1.3.2 іс-әрекет жоспары мен алгоритм ін құрастыр у	8.1.3.1 спортық - специфик алық техникал арды орындау кезіндегі қимыл дағдылар ымен ретін түсіндіру және көрсету; 8.1.3.2 жолдасы ның сұрауы бойынша мақсатты көмек көрсету	9.1.3.1 мұғалімні ң бағыттау шы көмегіме н спортық - специфик алық техникал арды орындау кезіндегі қимыл дағдылар ы мен ретін қыстыры	10.1.3.1 өздігімен спортық - специфик алық техникал арды орындау кезіндегі қимыл дағдылар ы мен ретін қыстыры
1.4 Қимыл әрекетте рін орындау ды жақсарт	5.1.4.1 қимыл әрекетте рін орындау ды жақсарту	6.1.4.1 қимыл әрекеттер ін орындау ды жаксарту	7.1.4.1 қимыл әрекетте рін орындау ды жаксарту	8.1.4.1 қимыл әрекеттер ін орындауд ы жаксарту	9.1.4.1 қимыл әрекеттер ін орындауд ы жаксарту	10.1.4.1 қимыл әрекеттер ін орындауд ы жаксарту

у үшін өзінің және өзгелерді ің біліктепе н бағалау	үшін өзінің және өзгелерді ң біліктепе н білу және анықтау; 5.1.4.2 бағыттау шы көмекке жүгіну	үшін өзінің және өзгелерді ң біліктепе н түсіну және түсіндіру	үшін өзінің және өзгелерді ң біліктепе н сағаста ру; 8.1.4.2 әрекеттің өз әрекетін реттеу үшін сөйлеу тілін пайдалан у	үшін өзінің және өзгелерді ң біліктепе н салғасты ру; 7.1.4.2 әрекеттің жоспары мен ретін куру	үшін өзінің және өзгелерді ң біліктепе н бағалау	үшін өзінің және өзгелерді ң біліктепе н бетімен жасаған критерий лер бойынша бағалау; 10.1.4.2 әдеби тіл ережелері не сәйкес, сөйлеу тілінің сан алуан түрлері мен нақышын пайдалан а отырып өз пікірін білдіру
1.5 Бірқатар дене жаттығу ларында тактикал арды, стратегия ларды және құрылыш мәдениет идеялар ды қолдану және	5.1.5.1 шамалы диапазон дағы дене жаттығу ларында тактикал арды, стратегия ларды арды, стратегия ларды және құрылым және диапазон дағы дене жаттығул арында тактикал арды, стратегиял арды стратегиял арды және құрылым дық идеялард ы түсіну және идеялард ы білу	6.1.5.1 бірқатар дене жаттығул арында тактикал арды, стратегиял арды стратегиял арды және құрылым дық идеялард ы түсіну және идеялард ы білу	7.1.5.1 бірқатар дене жаттығул арында тактикал арды, стратегиял арды стратегиял арды және құрылым дық идеялард ы жасап шығара алу және	8.1.5.1 кең диапазон дағы дене жаттығул арында тактикала рды, стратегиял арды арды және	9.1.5.1 кең диапазон дағы дене жаттығул арында тактикала рды, стратегиял арды арды және	10.1.5.1 кең диапазон дағыдене жаттығул арында тактикала рды, стратегиял арды арды және

бағалау	және сипаттау; 5.1.5.2 орындау барысын да оқу міндетін сақтау		бағалай алу; 7.1.5.2 әрекеттің жоспары мен ретін күру	және бағалау; 8.1.5.2 оқу міндетін орындау кезінде сыныптастарымен бірлесе отырып, тиімді жұмыс істеу	9.1.5.2 топта нәтижелі қарым-қатынасты жүзеге асыру	у және салғастару; 10.1.5.2 пәндік лексиканы қолдана отырып баға беру пайымын күру
1.6 Қымыл белсенді лігімен байланысты қындықтарды жену және қауіпке төтеп беру дағдыла рын дамыту	5.1.6.1 қымыл белсенді лігімен байланысты қындықтарды жену және қауіпке төтеп беру дағдыла рын дамыту	6.1.6.1 қымыл белсенді лігімен байланысты қындықтарды жену және қауіпке төтеп беру дағдыла рын дамыту	7.1.6.1 әртүрлі қозғалыс белсенді лігін орындау да кезіндегі қауіпке білу және алдын алу	8.1.6.1 қымыл белсенділік гімен байланысты қындықтарды жену қауіпке дағдыларын жақсартап алу	9.1.6.1 мұғалімнің эмоциональдық көмегімен байланысты қымыл белсенділігімен байланысты қындықтарды жену және қауіпке төтеп беру дағдыларын жақсартап алу	10.1.6.1 қымыл белсенділігімен байланысты қындықтарды жену және қауіпке төтеп беру дағдыла рын ездігінен бағалау

					жосығын дұрыс бағалау	
--	--	--	--	--	-----------------------------	--

## 2-кесте

2-бөлім «Шығармашылық қабілеттері және сиңи түрғыдан ойлау қозғалыс дағдылары арқылы»						
Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Өзгергіш жағдайларға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пен байланысты алған білімін білу және түсіну; 5.2.1.2 диалог барысын да пәндік лексиканы пайдалану	5.2.1.1 өзгергіш жағдайла рға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пен байланысты алған білімін білу және түсіну; 6.2.1.2 тікелей және баламалы сұрақтар құрастыру	6.2.1.1 өзгергіш жағдайла рға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пен байланысты алған білімін білімін анықтау 6.2.1.2 параверб альды тәсілдерді пайдалан	7.2.1.1 өзгергіш жағдайла рға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пен байланысты алған білімін білімін анықтау 7.2.1.2 альды тәсілдерді пайдалан	8.2.1.1 өзгергіш жағдайла рға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пен байланысты алған білімін білімін анықтау 8.2.1.2 орындаپ жетілдір 8.2.1.2 орындаپ жетілдір	9.2.1.1 өзгергіш жағдайла рға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пенбайла нысты алған білімін каратқан әрекеттер іне ауызша түсініктеме беру	10.2.1.1 өзгергіш жағдайла рға жауап беру үшін қимыл- қозғалыс пен байланысты алған білімін білімін каратқан әрекеттер іне туралы байланыс тырып айтатын бағалау пікірін құрастыру
2.2 Көшбасшылық	5.2.2.1 көшбасшылық	6.2.2.1 көшбасшылық	7.2.2.1 көшбасшылық	8.2.2.1 көшбасшылық	9.2.2.1 көшбасшылық	10.2.2.1 көшбасшылық

және команда да жұмыс істеу дағдыларын дамыту және қолдану	және команда да жұмыс істеу дағдыларынтысіну көмекке жүгінүү, өзінің қындықтарын тұжырымдау; 5.2.2.2 тиімді оқу диалогы на бастама беру	және команда да жұмыс істеу дағдыларын анықтаудан пайдалану; 6.2.2.2	және команда да жұмыс істеу дағдыларын талқылай алу және көрсете алу; 7.2.2.2 мәдениет өзара көмек көрсету	және команда да жұмыс істеу дағдыларын көрсету және қолдану; 8.2.2.2 топтагы нәтижелі қарым-қатынас дағдыларын менгеру	және команда да жұмыс істеу дағдыларын бағалауда 8.2.2.2 топтагы нәтижелі қарым-қатынас дағдыларын менгеру	және команда да жұмыс істеу дағдыларын өз бетімен жасаған критерийлер бойынша бағалауда 10.2.2.2 тақырып бойынша монолог-пайымдау құру
2.3 Қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло	5.2.3.1 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло	6.2.3.1 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло	7.2.3.1 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло	8.2.3.1 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло	9.2.3.1 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло	10.2.3.1 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын түсіну және анықтаудан пайдалану; 5.2.3.2 ауызша нұсқау бойынша физиоло

	гиялық және сөйлеу тынысын ың техникал арын іске асыру	сөйлеу тынысын ың техникал арын көрсету	қатысу физиолог иялық және сөйлеу тынысын ың техникал арының айырмаш ылығын түсіндіру	қ кернеуді жою үшін қолдану	жою үшін қолдануд ың тиімділігі н бағалау	өзін-өзі сендіру формулал арын және тыныс техникал арын қолдану
